

егемен

Казакстан

Іскерлік байланыстар – ілгерілеу белгісі

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Австрия Республикасына ресми сапары табысты аяқталды

Сауытбек Абдрахманов, «Егемен Қазақстан» – Венадан.

Жолға жүрерде осыдан екі жыл бұрын жарық көрген «Қашаған құрықтаған Қазақстан» атты кітабымызды шолып шыққанымыз бар. Онда әр жылдары Венадан жолданған репортаждарымыз да бірқыдыру екен. ЕҚЫҰ төрағалығына дайындыққа байланысты да, төрағалық тұсында да Қасым-Жомарт Тоқаевпен, Қанат Саудабаевпен бірге қайта-қайта келгенбіз. Кітапқа енбеген жазбаларымыз да жеткілікті. Биылғы көктемде Сенат Төрағасы Қайрат Мәмидің ресми сапарын газетте көрсеткенбіз. Жаңағы кітапты ресми сапарлар барысында қандай ұқсас жайлар кездеседі екен деген тұрғыда да қарағанбыз. Сонда Президент сапарларында бизнес-форумдар жиі ұйымдастырылатынына назар аудардық. Осындай жиындарда нақты байланыстар орнатылып, нақты келісімдер жасасудың басталатынын талай көргенбіз. Мұндай форумдар елдердің іскер топтарының «үнқатысу алаңқайына» айналып, екіжақты ынтымақтастықтың жаңа көкжиектерін ашатыны да белгілі. Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Австрия Республикасына ресми сапары аясында да бизнес-форум ойластырылыпты. Ол іс-шара кеше түске дейін ұйымдастырылды.

Бизнес-форумның алдында Австрия экономикалық палатасының ғимаратында елдің іскер топтарының өкілдерімен кездесу болып өтті. Қазақстан Республикасы мен Еуропа Одағы арасында ғылыми-техникалық инновациялық ынтымақтастық мәселелері бойынша Еуропа Одағының сарапшылары – Еурокомиссияның зерттеулер мен инновациялар бойынша директоратының кураторы Юрген Сандерс, Вена технологиялар университетінің профессоры, «Қазақстанның инновациялық жүйесінің сараптамалық бағасы» жобасы жөніндегі халықаралық сарапшылар тобының жетекшісі Манфред Хорват, Австрияның Әлеуметтік инновациялар орталығының төрағасы әрі директоры Йозеф Хохгернер Қазақстан экономикасының бүгінгі хал-күйіне талдау жасаған баяндамаларымен таныстырды. Байқап отырған шығарсыз, осы адамдардың бәрінің де лауазымында «инновация» сөзі тұр. Қазіргі кезде инновациясыз аяқ баса алмайсыз. Үш сарапшының үшеуі де біздегі Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының идеясына да, орындалу барысына да жоғары баға бере сөйледі. Әңгімеде Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасында инновация және ғылыми-технология салаларындағы өзара қарым-қатынас мәселелері де кеңінен қозғалды.

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев пен Австрияның Федералды Президенті Хайнц Фишер австриялық компаниялардың көрмесінде болды. Көрмені аралау барысында мемлекет басшылары қазақстандық-австриялық бизнес жобалармен танысты.

Сонымен қатар, тараптар бірқатар екіжақты құжаттарға қол қойды. Олар – Қазақстан-Австрия Іскерлік кеңесін құру туралы меморандум, Қазақстанның Сауда-өнеркәсіп палатасы мен Австрия Экономика палатасының Экономиканы дамыту институты арасындағы ынтымақтастық туралы меморандум және «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ пен австриялық OMV компаниясы арасындағы өзара түсіністік туралы меморандум. Елбасымыздың Австрия Экономикалық палатасының президенті Кристоф Ляйтлмен кездесуінде екі елдің іскер топтары арасындағы өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мәселелері талқыланды. Нұрсұлтан Назарбаев құрметті қонақтар кітабына лебіз жазып қалдырды.

Қазақстан Австрияны Еуропа Одағы елдері арасындағы сенімді экономикалық әріптес ретінде жоғары бағалайды, мемлекетаралық байланыстарды дамытудың қолда бар әлеуеті екі жаққа да тиімді ынтымақтастық үшін кең көкжиектер ашады, деді бизнес-форумда сөйлеген сөзінің басында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев. Мұның өзі біздің еліміздің барынша ашықтық саясатын жүргізіп, тұрақтылыққа қол жеткізіп келе жатқандығының арқасы. Шетел инвесторларының Қазақстан экономикасына сенімінің дәлелі – осында тартылған инвестициялардың көлемі: 1993 жылдан бері біздің елімізге жалпы құны 160 миллиард АҚШ долларын құрайтын инвестиция құйылған. Кейде сан көрсеткіштерінің өзі көп нәрсені аңғартпай қала беретіні болады. Мысалы, осы санды алайық. 160 миллиард доллар. Бұл аз ба, көп пе? Дәл шамалау оңай емес. Ал мұның бүкіл Орталық Азия өңіріне тартылған шетел инвестицияларының 80 пайызы екендігін айтсақ, бұл санның қаншалықты салмақтылығын сезінбей қала алмаймыз. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөздерінде осындай сан көрсеткіштерін бедерлі жеткізу жиі кездеседі. Кеше де солай болды.

Қазір Қазақстанда шетел капиталының қатысуымен құрылған 10 мыңға жуық компания жұмыс істеп жатқаны айтылды.

Бүкіләлемдік банктің «Бизнес жүргізу – 2012» рейтингінде Қазақстан соңғы жылдың ішінде бірден 11-ші қатарға көтеріліп, 183 елдің арасында 47-ші орынға ие болғаны айтылды.

Бүкіләлемдік экономикалық форумның жаһандық бәсекеге қабілеттілік индексі бойынша қыркүйекте жасаған есебінің нәтижесінде Қазақстанның бірден 21-ші қатарға көтеріліп, 51-ші орынға шыққаны айтылды.

Осы үш көрсеткіштің өзі ешқандай қосымша сипаттаусыз-ақ сөйлеп тұр емес пе? Әрине, солай. Әсіресе, соңғы фактінің мәні ерекше. Елбасымыздың бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосылу жөнінде алға қойған міндетінің абыроймен орындалуы деген осы болады. Бұл арада «51-ші орынға шығу елулікке кіру емес қой» деп жоқ жерден арифметикаға жүйріктігін көрсетіп жататындар табылса, ондайлар өздерінің ел мерейіне қуана алмайтындарын ғана көрсетпек. Есеп-қисапқа қатып қалғандардың да көңілі көншітін, Қазақстан елуліктің ішіне ресми түрде кіретін күндер де келері күмәнсіз. «Бүгінде біз Қазақстан экономикасын үдемелі әртараптандыру мен жаңғырту

жөнінде кеудешіл мақсатты алға қойып отырмыз. Біз өзіміздің өнеркәсіптің өндірісін дамытуды және қуат көздерінің экспортына тәуелділікті азайтуды мақсат етіп қойдық», деді кешегі сөзінде Нұрсұлтан Назарбаев. Әрине, мұндай жағдайда ел экономикасының басым салаларына инвестиция салуға ниетті австриялық компаниялардың бізбен ынтымақтастықты кеңейтуге, тереңдетуге бұрынғыдан да ықыласты бола түсетіні түсінікті. «Австрия бизнесіне біздің елді индустрияландыру жөніндегі жоспарларымызды жүзеге асыруға нақты араласуды ұсынамын», деп нақты айтты Елбасымыз. Неге олай дейтінін де қолмен қойғандай түсіндіріп берді. Өйткені, Қазақстанда салықтық-инвестициялық ахуал жағымды, қаржы жүйесі тұрақты. Өйткені, Қазақстанда табиғат ресурстарының орасан қоры бар. Өйткені, Қазақстанда электр энергиясына, газға тарифтер төмен, темір жол тасымалы да едәуір арзанға түседі. Осының бәрі қосыла келеді де өнім өндірудің өзіндік құнын қалыптастыруға әсер етеді. Оның үстіне экономиканың басым салаларында мемлекет ерекше жеңілдіктер жасап отыр.

«Өзара тиімді ынтымақтастықтың түйінді бағыттарының бірі мәшине жасау саласы деп білеміз, өйткені, Австрия осы салада әлемде көшбасшылар қатарында», деді Қазақстан Президенті. Кейбір оқырмандар бұл сөзге қандай мәшинелер шығарады австриялықтар, «Мерседесті» немістер, «Тойотаны» жапондар жасайды ғой, австриялықтар олардан асыра ма деп таңданыңқырап та отырған шығар. Мәшине жасау деген тек мінетін көлік құрастыру емес. Мәшине жасау деп ауыр өнеркәсіптің еңбек құралдарын, тұтыну заттарын және қару-жарақ өнімдерін жасайтын негізгі саласын айтады. Оның өзі энергетика, электр техникасы, станок жасау, құрал-саймандар өнеркәсібі, аспап жасау деп тарамдалып кете береді. Ал бұл жағынан келгенде Австрия өнімдерінің жөні бөлек. Президент осыны айтып отыр. Оның үстіне Қазақстан үшін жоғары технологиялық экономика жасау, яғни инновациялық, ядролық және нанотехнология, қызмет саласы, білім беру, денсаулық сақтау мен туризм ісінде бұл елден үйренер жайлар жеткілікті. Нұрсұлтан Назарбаев Австрияның іскер топтарына Қазақстанның, Ресейдің, Белоруссияның қатысуымен құрылған Кеден одағының мүмкіндіктерін де ашып көрсетіп, онда 170 миллион адам тұратынын, ішкі жалпы өнімінің жиынтық мөлшері 2 триллион АҚШ долларын құрайтынын да еске салып өтті. Сөзінің соңында Қазақстан басшысы Австрия бизнесінің көрнекті өкілдерін [Астанада](#) 2013 жылдың 22-24 мамырында өтетін VI экономикалық форумға қатысуға шақырды.

Сонымен, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Австрия Республикасына ресми сапары кеше аяқталды. Табысты аяқталды. Сапар нәтижесі бойынша мұнай мен газ, химия, құрылыс индустриясы, мәшине жасау, медицина, аэронавигация, туризм, тағы басқа салаларға қатысты бірқатар екіжақты құжаттарға қол қойылды. Ұзын саны жиырмадан асатын ол құжаттардың арасында коммерциялық келісімдер де бар. Бұл – сапардың экономикалық тұрғыдағы нақты нәтижелері. Басқа тұрғыдан бағалар болсақ та, Еуропаның саяси астанасы саналатын Венадағы кездесулер мен келіссөздердің барысындағы тұжырымдар да кәрі құрлық

өмірінде маңызды рөл атқарған, қазір де пікірлеріне қалың жұртшылық қатты құлақ асатын Альфред Гузенбауер, Александр Квасневски, Романо Проди сияқты саясат серкелерінің біздің Елбасымызбен пікірлесуге Венаға арнайы атбасын бұруы, дағдарыстар дауылына дес бермей, жасампаздық жолын жалғастырып жатқан еліміздің атына көп-көп жақсы сөздер айтуы да қадірін білген адамға аз олжа емес.